

**«Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК
бойынша, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас
жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында
қызметкерлермен өткізген жиналыс хаттамасы.**

Атырау қалысы

27 сәуір 2023 жыл

Төрағасы: Г.С.Бекболатова – Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығының емдеу жөніндегі директор орынбасары.

Хатшысы: Д.А.Абдрахманова – Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығының комплаенс офицері.

Қатысқандар: Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығының бөлім меңгерушілері, әкімшілік қызметкерлер, дәрігерлер, аға мейірбикелер, есепшілер, заңгер;

Өткізу уақыты: 27.04.2023г., сағат 15-00, мекеме мәжіліс залы.

Күн тәртібі:

**Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы бойынша сыбайлас
жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.**

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының нұсқамасы бойынша ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентінің тапсырмаларын негізге ала отырып, Денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатындағы алдын-алу профилактика жұмыстары жүргізіліп және алдын-алу шараларының кестесіне сәйкес жиналыс өткізілді:

Г.С.Бекболатова – Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығының емдеу жөніндегі директор орынбасары сөз сөйледі: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында қызметкерлермен комплаенс офицері Д.Абдрахманова түсіндірме жұмыстарын жүргізетінін айтты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында қызметкерлермен комплаенс офицері Д.Абдрахманованың баяндамасы тыңдалды. Және де бейне ролик көрсетіліп, әр түрлі мысалдар келтірілді.

Өз баяндамасында Д.Абдрахманова: Алдағы уақытта тоқсан сайын Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, болдырмау, әр түрлі профилактикалық жұмыстардың дұрыс жүргізілуін, іс-шаралардың жиі-жиі ұйымдастырылып тұратынын айтты.

Жиналыс барысында Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде 2023 жылға жасалған алдын алу іс-шаралар жоспарына сәйкес 2014 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясымен», сыбайлас жемқорлық субъектілерімен, кең таралған пара түрлерімен, таныстырып өтті және Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі алдын алу іс-шаралар жоспарына сәйкес қандай шаралар атқарылып жатқандығы туралы айтып, өтініштер мен арыздар үшін жәшігі ілінгені туралы, сыбайлас жемқорлықтың жаднамалары ұдайы ілініп тұрылуы туралы, тоқсан сайын сыбайлас жемқорлықтың алдын алу профилактикасының слайдтары көрсетілетіндігі туралы, алдағы уақытта бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілері шақыртылып, әлеуметтік желілерде де тікелей эфир жүргізелетіндігі туралы, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу профилактикасы туралы мақала Атырау газетінің бетіне шығарылатыны туралы айтылды.

Жиналыс барысын қорытындылай келе ауруханамызда сыбайлас жемқорлыққа алдын алу шараларын нығайту жөнінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында түсіндірме жұмыстарын кеңінен жүргізу бір ауыздан мақұлданды.

Қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында түсіндіру қажеттілігінің маңызы зор екендігі жеткізілді.

Шешім етті:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары мен болдырмау үнемі жұмыстарын жүргізу.
2. Бөлімше меңгерушілеріне және аурухана заңгер кеңесшісіне қатаң қадағалау жүктеу.

Төраға



Г.С.Бекболатова

Хатшы



Д.А. Абдрахманова